

Абай Құнанбаев

ӘЗІМ ӘҢГІМЕСІ



Абай Құнанбайұлы
ӘЗІМ ӘҢГІМЕСІ

«Public Domain»

Құнанбайұлы А.

ӘЗІМ ӘҢГІМЕСІ / А. Құнанбайұлы — «Public Domain»,

© Құнанбайұлы А.
© Public Domain

Содержание

ӘЗІМ ӘҢГІМЕСІ	5
Конец ознакомительного фрагмента.	9

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ӘЗІМ ӘҢГІМЕСІ

ӘЗІМ ӘҢГІМЕСІ

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

(1845–1904)

Бір сөзім Мың бір түннен оқып жүрген,
Өлең қып сол сөзімді айтқым келген.
Болыпты ағайынды екі жігіт,
Бағдатта Мұстапа мен Сапа деген.

Екеуі жетім еді әкесі өлген,
Талаптан жетеміз деп, бос журмеген.
Тігінші, кестеші еді кіші інсі,
Мұстапа суретшілік ғылым білген.

Екеуі екі айырылмақ қамын жеген,
Бір шетке кетпек болып жұрт көрмеген.
Мал тапқаны бір іздеп таппак болып,
Серт қылыш, бір-біріне уәде берген.

Екеуін екі жаққа тағдыр бөлген
Жандар емес қатерден әсте именген.
Шын, Машынға¹ Сапасы кете тұрсын,
Мұстапа Балсураға² бұрын келген.

Мұстапа – бойдақ, кедей біраз тұрған,
Кәсібін күннен-күнге Тәнірі онғарған.
Аздан соң қатын алып, үй салғызып,
Шаһарда сенімдінің бірі болған.

Пұл құрап, киім түзеп, қарны тойған,
Қағазға өрнек жасап, сурет ойған.
Құдайым кешіктірмей бір ұл беріп,
Молдалар оның атын Әзім қойған.

Бір жасап, екі жасап, Әзім өсті,

¹ Шын, Машын – Шығыс мемлекеттерінің аттары. Шин – Қытай, Мачин – Тай елі.

² Балсура – қаланың аты.

Сонан соң медресеге барып түсті.
Аз жылда жақсы ғылым нәсіп етіп,
Жас жігіт жүзі нұрлы, көнлі масты.

Окудан шыға ұстады ата өнерін,
Асырды атасынан әрбір жерін.
Сол күндө ажал жетіп, Мұстапа өліп,
Жыртық-жетім болмады ол жас өрім.

Атанаң харекетін ұстай алды,
Өнері артық шығып, жан таң қалды.
Алушылар көбейіп мұның ісін,
Бұрынғыдан артылып мал құралды.

Бір күні ләпкесінде отыр еді,
Торғын тон, алтын кемер бір шал келді.
Не қылса бір құрметті адам ғой деп,
Әзім тұрып, иіліп сәлем берді.

Сәлемін алды, шал да амандасты,
Қасына жуық келіп жақындасты.
– Жат жердің адамы едім, е, шырағым,
Не харекет қыласың? – деп сұрасты.

– Жасымнан жетім едім көнлі сынық,
Өнерім артық емес ондай ұлық.
Еңбекпенен көз сүзбей күн көремін,
Харекетім – суретші, бояушылық.

– Мінезің, түсің жақсы надан дөрге,
Артық өнер қын ба талапты ерге?
Тесілген күні бойы сендей жасты
Аяймын, өнімі жоқ бұл өнерге!

Бұл сөзге Әзім тұрып ашуланды,
– Тұрпайы сөйлейсіз, – деп қарай қалды.
Атамның харекетін қорлама, бай,
Аш емен, болмасам да сендей малды.

– Қорламаймын һәм, балам, зорламаймын,
Тесілген күні бойы сені аяймын.
Химия ғылымын білуші ем, үйретер ем,
Мысты алтын жасаушы ем, алдамаймын.

Шын өнерге қайтер ең көзің жетсе?
Әркімге жарамайды мұны үйретсе.
Өзі үлкен, өзі оңай, артық өнер,

Аз жұмыспен көп алтын хасил³ етсе.

Мен дағы жүргенім жоқ малдан күсіп,
Айттым, балам, басына мейірім түсіп.
Ертең ерте мысынмен дайын болып,
Көңліңің дәркүмәнін алшы шешіп.

Әуелі хақтығына жетсін көзін,
Серт қылдым ғой үйретпек болып өзім.
Ертең ерте сол жерден табыспаққа,
Екеуі уәде байлап, қойды сөзін.

Шал кетті, аң-таң бала үйге қайтты,
Көргенін апасына келіп айтты.
Химияғылымы бар дейтін, сүйтсе дағы
Анасы басын шайқап, ішін тартты.

– Апар да мыс бақырды алдына сал,
Алтын болса, болады бір талай мал.
Жалғызыым, не қылсаң да сақ болып жүр,
Жәдігөй боп жүрмесін антүрған шал.

Бала айтты: – Тәнірім қақса, бенде не етер,
Жалған болса, білінер, қор боп кетер.
Шын болып, уәдеге бармай қалсақ,
Ғапылдықтан айырылған ызасы өтер.

Не қылса, сол күн бала шала үйықтайды,
Өтірік, расын ойланып таба алмайды.
Мыс бақырын қолына алды дағы,
Лапкеге күндегіден ерте барды.

Шал дағы дереу дайын бола қалды,
Бір дорбадан көмір мен көрік алды.
Екеуі сәлемдесіп болғаннан соң:
– Мысың қайда, балам? – деп дігір салды.

Мыс бақырды сындырды талқан қылып,
Көмірге салды мысты, дүкен күрып.
Мыс былқылдан еріген кезінде шал
Шөншіктен⁴ ұсақ қара алды қырып.

Алды да ол дәрісін, мысқа салды,
Былқылдаған бүркүлдап мыс шайқалды.
Бір нәрсемен азырақ бұлғалақтап,
Алтын қып суынған соң қолына алды.

³ Хасил (арабша) – пайда, өнім.

⁴ Шөншік – дорба (көне сөз).

Алтынын алып берді қолындағы:
– Сарапқа сал бар дағы шарындағы
Алтын емес деп біреу айтса, балам,
Алдамшы, амалым жоқ, болдым дағы.

Конец ознакомительного фрагмента.

Текст предоставлен ООО «Литрес».

Прочтайте эту книгу целиком, [купив полную легальную версию](#) на Литрес.

Безопасно оплатить книгу можно банковской картой Visa, MasterCard, Maestro, со счета мобильного телефона, с платежного терминала, в салоне МТС или Связной, через PayPal, WebMoney, Яндекс.Деньги, QIWI Кошелек, бонусными картами или другим удобным Вам способом.